


«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қобда ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла»
бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны



Государственное коммунальное казенное
предприятие «Ясли-сад «Шұғыла»
государственного учреждения
«Отдел образования Кобдинского района
Управления образования Актюбинской
области»

031000, Қобда ауылы
Астана көшесі, 54
Телефон: 2-12-39
28.05.2026ж.
№49

031000, село Кобда
Улица Астана, 54
Телефон: 2-12-39
28.05.2026г.
№49

№ 49 БҰЙРЫҚ

«Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» МКҚК

«28» мамыр 2026 жыл

«Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау өткізу бойынша комиссия құру туралы»

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың 3-тарауы, 52-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары өзін-өзі бағалау материалдарын міндетті түрде өздерінің интернет-ресурстарында орналастыратындығы жазылған, осыны басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН :

1. «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауы 2026 жылы 1 маусым – 12 маусым аралығында өткізіліп, бөбекжай сайытына салынсын.
2. «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» МКҚК 2026 жылдың 28 мамыр -1 маусым аралығында өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы бекітілсін :
Комиссия төрайымы : Тулешова Г.Д.-директор;
Комиссия төрайымының орынбасары : Карасаева З.Б.- әдіскер;
Комиссия мүшесі : Тынымгереева Ш.Д.- кәсіподақ ұйымының төрайымы;
Комиссия мүшесі : Бондаренко Г.Н.-тәрбиеші ;
Комиссия мүшесі : Фурсенко Л.В. –медбике.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

«Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» МКҚК директоры Тулешова Г.Д.

Бұйрықпен таныстым:

Карасаева З.Б.
Тынымгереева Ш.Д.
Бондаренко Г.Н.
Фурсенко Л.В.



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорының 2025-2026 оқу жылындағы
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Мазмұны:

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер
2. Кадрлар әлеуетін талдау
3. Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері
4. Тәрбиеленушілер контингенті
5. Оқу-әдістемелік жұмыс
6. Оқу-материалдық активтер
7. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
8. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
9. Балаларды балабақшаға дайындау сапасы.
10. 2025-2026 оқу жылындағы жетістіктер.
11. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
12. Шешімдер мен ұсыныстар

Қобда ауданы, Қобда ауылы

4 маусым 2026жыл

1.Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны .

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалауы 2026 жылы 4 маусым – 15 маусым айларының аралығында өтті.

Бөбекжай территориясының жалпы аумағы-5188га.;

Бөбекжай ғимаратының аумағы - 1158кв.м.

Бөбекжай-бақшаға бейімделмеген құрылыс нысаны.

Ғимарат 1988 жылы салынған.

Ғимарат түрі - 2 қабатты.

Аталған ғимаратқа бөбекжай 2012 жылдың қыркүйек айында көшірілді.

МКҚК «Шұғыла бөбекжай-бақшасының өз алдына газбен жылыту қазандығы бар.

Жоба қуаттылығы – 130 орын.

Оқыту тілі – қазақша; орысша

Пайдалануға берілген жылы: 2011 жылы «12» қыркүйек айында Қобда аудандық әкімдігінің шешімімен құрылды. Сыйымдылығы 130 орын.

2)Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы,031000, Ақтөбе облысы,Қобда ауданы,Қобда ауылы, Астана көшесі , 54 ғимарат.

3)Заңды тұлғаның байланыс деректері: 871 341 21-2-39,электронды поштасы **gulnar.zhakupova@bk.ru; shughylasadik@yandex.kz**

4)Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Тулешова Гульнур Даулеткалиевна,2021жылы 05 қаңтар №15-ж бұйрықпен қайта тағайындалған.

5)Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы «Азаматтарға арналған үкімет»мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы

бойынша филиалының Қобда аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі 12.01.2021 жылы берілген, Құрылтайшылар (қатысушылар): «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. БСН-010140002318, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 24.01.2001 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 27 қаңтардағы № KZ85RVK 00029415 хабарлама берілген.

Бөбекжай-бақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды. Бөбекжай-бақшаның жұмыс уақыты: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері - сағат: 8.00-ден 18.30-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Білім беру ұйымының білім беруді дамыту дағдылары және ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖМБС талаптарына сәйкес.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының аттестациядан өткен жылы - 2022 жылдың мамыр айы.

Балалар үшін музыка залы, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, психолог кабинеті, барлық топтар заман талабына сай, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жабдықталған. Сондай-ақ асхана, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері, дәретхана мен жуынатын бөлмелері, ыдыс жуатын бөлмелері қызмет көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық микро-климат құру үшін көгалдандырылып, гүлді алаңқайлар, ағаштар отырғызылған. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны топтарда және фойелер талапқа сай жабдықталды. ҚР Оқу ағарту министрлігінің 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге арналған әдістемелік нұсқау хат негізінде, балалардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Жасыл балабақша» пилоттық жобасы бойынша оқу жылының басында екі жылға арналған жұмыс жоспары құрылып, облыстық оқу әдістемеліктен бекітілді, толық жабдықтарымен тапсырыс бойынша жасалып жабдықталды.

Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Балабақшада тазалық-гигиеналық тәртіп сақтау жолы өте жақсы жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталған. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмысы жоспарлы жүргізілуде. «Қызылшаның алдын алайық!» тақырыбында желтоқсан айында аудандық емхананың педиатр дәрігері Алиев А.Б. ата-аналармен кездесу өткізіліп профилактикалық кеңестер беріліп, жадынамалар таратылды.

Емдік жұмыстары медбикенің нұсқауымен жүргізіледі. Балалармен оксалин майын мұрынға жағу, нәрлеу мен жеміс-жидек шырындарын беру үнемі жүргізіліп тұрады. Бөбекжайда дәмбике тағам құнарлығын баланың жасына сай болуын бақылауда ұстайды. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып беріледі. Бөбекжай-бақшаның медбикесі шынығу; сауықтыру жұмыстары; ертеңгілік жаттығу мен ұйқыашар жаттығулары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Бөбекжай –бақша қызметкерлерін үнемі,

уақытылы медициналық тексеруден өтуін қадағалайды. Тәрбиеленушілердің ата-аналарына жыл бойы әртүрлі тақырыптағы (қауіпсіздік, сақтандыру, шынықтыру-сауықтыру) кеңестер беріп, екпенің уақытылы берілуіне де мән береді. Ата-аналарға дәмбике мен медбике де жыл бойы өз жұмыс жоспарларына сәйкес әртүрлі тақырыптардағы пайдалы кеңестер беріп, бүктемелер шығарып, жадынамалар таратып тұрады.

2025-2026 оқу жылындағы тәрбиеленушілердің ауруы туралы мәлімет

Жаңадан келген балалардың бейімделуі

Барлық бала саны	Желшешек	Тұмау	Тыныс алу жолдарының ауруы	Конъюнктивит	стоматит	Фарингит	отит	Аллергиялық тері ауруы	тонзиллит	пневмония
130	25	37	81	20	11	15	35	7	10	3

Бөбекжайдағы қауіпсіздікті сақтау бойынша 16 нүктедегі бейнебақылауға да жоспарлы түрде аудандық ішкі істер басқармасынан тексеріліп ақтысы уақытылы жазылып тұрады.

2. Кадрлар әлеуетін талдау

Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты қызметкерлер саны—38, оның ішінде педагогтар саны —17, әкімшілік және техникалық персонал—21 адам. Балабақша қажетті маман: 1-музыка жетекшісімен ересек тобында қазақ тілі маманы қамтылмаған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттарды талап етіледі.

Қызметкерлердің құжаттары:

1. Еңбек келісім шарты;
2. Еңбек кітапшасы;
3. Жеке тұлға қағазы;
4. Диплом көшірмесі (нотариалды куәландырылған);
5. Жеке куәлік көшірмесі;
6. Санитарлық кітапшасы;
7. Сотталмағаны туралы анықтама.
8. Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама
9. Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама
10. Зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме)

Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз.

2025-2026 оқу жылында бөбекжай-бақшада барлығы 17 педагог жұмыс жасады, оның: 1-директор; 1-әдіскер; 1-психолог; 14-тәрбиеші. Педагогтардың сапалық құрамы 13-жоғары білімді; 5-арнаулы орта. Оның ішінде «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша **жоғары білімі** барлары:-12; арнаулы орта білімі барлары:-5 тәрбиеші.

3.Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері:

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиім-ділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Басқару қызметінде педагогикалық менеджмент негізде-месінде педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, жететін жетістіктерге бағытталған. Ұйымдастыру түрлерін жетілдіріп, бірлесе технологиялық шаралар мен ережелерді сақтай отырып, барлық педагогтарға қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету. Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында бөбекжай-бақшаның ұжымында сапалық өзгерістерге қол жеткізілді.

Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарт талаптарына, ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына; 2025-2026 оқу жылына арналған нұсқау хатқа сүйене отырып жүргізіледі. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін дамыту дағдылары, оқу көлемінің тепе-теңдігі сақталған. Бала құзіреттілігін қалыптастыру білім беру іс-әрекетінің бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының ұжымды ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербестік шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін, озық көшінен қалмауды басты назарда ұстайды. Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, дөңгелек үстелдер, әдістемелік бас қосулар өткізіледі.

Биылғы аттестаттаудан өтетін Психолог Койбагарова Т.В. «педагог-модератор» санатын алатын өтініші «Ұстаз платформасы» толтырылып, сараптау мен аттестация комиссиясының мүшелері жаңа нұсқаулыққа сай құрылып, директордың бұйрығымен бекітіліп, платформаға жүктелді. Сонымен бірге: 3-педагог (тәрбиешілер: Кусмагамбетова У.Р.; Сопаква А.Қ.; Дуйсембина Г.М.) ақпан айындағы тестілеуге қатысты, тек 1 тәрбиеші ғана шекті балл жинақтап, өтіп келді. Мамыр айында тәрбиеші Кусмагамбетова У.Р. «ЕГОВ» порталына құжаттарын өткізді, ақпан айындағы «педагог-зерттеушіге» тестілеуден өткен болатын. Алдағы оқу жылында ол тәрбиеші «педагог-зерттеуші» қатарына қосылады. Санаты бойынша 8(сегіз) «педагог-сарапшы»; 2-педагог санатсыз (1 тәрбиеші ол жас маман; 1- психолог); «педагог-модератор»-7 (жеті) тәрбиеші; педагог-

зерттеушіге тестілеуден өте алмаған екі тәрбиеші , портфолио жинақтап, кейінен шілде,тамыз айларындағы тестілеуден өтуге,сонымен қатар психолог «педагог-модератор» санатына қайталап тапсыруға барлығы: 3 педагог дайындалуда.

Облыстық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтында жоспарланған кестесіне сай курстық дайындықтардан өтеді. Бүгінгі педагог - кәсіби ізденуші, зерттеуші, өз бетінше шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, құлшыныспен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын маман. Осыған орай педагог мамандар өз білімін жетілдіру мақсатында облыстық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының ұйымдастырылған курстарынан өтуге арналған кестесі құрылған. Сонымен қатар, өз бетімен білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс – тәжірибесін арттыруға жағдай жасалынған.

Офлайн түрінде тәрбиеші Әкімгерейқызы Венерамен жас маман Тұрарова Альбина «TANYM KZ»біліктілікті арттыру орталығынан «Инклюзивті білім беру мен үйде оқытуды ұйымдастыру және арнайы балалармен жұмыс жасау» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде ақылы курстан өтіп сертификат алды.Сонымен қатар тәрбиешілер: Кусмагамбетова У.Р. ; Сопаква А.Қ.;Дуйсембина Г.М.онлайн біліктілікті арттыру курсынан өтіп сертификат пен «Алғыс хат» иеленді. Сонымен бірге ақылы,онлайн түріндегі Астана қаласындағы РУМЦ семинарына екі тәрбиеші Кусмагамбетова У.Р.; Дуйсембина Г.М. қатысып сертификат алды. 2025ж.қараша айында Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының МДҰ педагогтеріне арналған **«Аттестатталушы педагогтің озық тәжірибесін жинақтау»** тақырыбындағы облыстық әдістемелік практикумға қатысқаны үшін тәрбиешілер: Кусмагамбетова У.Р.; Сопаква А.Қ.; Дуйсембина Г.М. сертификат және де аталған семинар практикумда белсенділік танытып, іс-тәжірибесімен бөліскендігі үшін Алғыс хат алды. Тәрбиеші Әкімгерейқызы Венера «Ұстаз платформасын жүйелі толтыруға үздіксіз әдістемелік қолдау»тақырыбындағы облыстық әдістемелік орталықтың ұйымдастырған семинарға қатысып сертификат алды.Тәрбиеші: Кусмагамбетова У.Р. 18 қарашада ҚР ОАМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»РМҚК ұйымдастырған «Білім беру форматының трансформациясы : идеядан нәтижеге дейін» тақырыбындағы республикалық WORKSNOP семинар спикер ретінде озық тәжірибесімен бөлісіп,таратқаны үшін сертификат алды. Жалпы барлық педагогтарда (16 педагог, жас маманнан басқасында) БА курстан өткен жарамды мерзімдегі сертификаттар бар. Осы жылғы курстан өтуге жарамдылық мерзіміне байланысты 12 педагог біліктілік арттыру курстан өтуі тиіс,осыған байланысты аудандық білім мекемесіне арнайы сұраныс жіберілді. Оқу жылының қыркүйек айында ҚР ОАМ «Өрлеу»БАҰО» АҚ **«Оқу үрдісі және ЖИ : генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері»** бағдарламасы бойынша 14 педагог онлайн оқудан өтіп куәлік алды. Желтоқсан айында «ДАРЫН ҰСТАЗ»ЖШС педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығынан **«Білім**

берудегі жасанды интеллект : инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде директор Тулешова Г.Д.; тәрбиешілер Дариябаева С.А.; Сарбасова А.А.ақылы курстан өтіп сертификат алды. Тәрбиеші Бондаренко Г.Н. 17 мамырда Қазақстандағы «**AI USTAZ**» ұйымдастырып өткізген республикалық олимпиадаға қатысып **I дәрежелі Диплом иеленіп**,сонымен қатар аталған орталықта **ЖИ** технологиясын оқып біліктілік арттырып,куәлік (№183726) алды. Аудан көлемінде 2025-2026 оқу жылында ұйымдастырылып өткізілген семинарларға тәрбиешілер:Қыркүйек айында «Арман» балабақшасына тәрбиеші «Жасыл балабақша» пилоттық жобасының жетекшісі Кусмагамбетова У.Р. Тәрбиеші Сопакоева А.Қ, 10 Желтоқсанда әдіскер Карасаева мен тәрбиеші Кусмагамбетова У.Р. «Қонжық » балабақшасында өткізілген «Жасыл балабақша сеинар-практикумына»; аудандық «Гауһар» балабақшасына Сарбасова А.А.; «Арай» Туралиева Н.С.сонымен қатар сәуір айында «Нұрлы болашақ» балабақшасында өткізілген облыстық «ІТ» тақырыбындағы семинарға барды; «Нұр» санаторлық балабақшасына жас маман тәрбиеші Тұрарова А.А. «Балдырған» балабақшасына;19 мамырда Ақтөбе қаласындағы «**JAN ANUAL**» психологиялық қолдау орталығында «Бала агрессиясы» тақырыбында мектепке дейінгі ұйымдарға арналған семинарға психолог Койбагарова Т.В.; 26 мамырда әдіскер Карасаева З.Б.№7«Арман» балабақшасындағы өткізілген облыстық тірек балабақшаларына арналған «Жасыл балабақша» пилоттық жобасының қорытынды семинар-практикумына қатысып сертификат алып келді.

4. Тәрбиеленушілер контингенті

Қазіргі таңда бөбекжай-бақшада 7 топ - жұмыс жасайды. Барлығы бюджеттік есептегі топ.Тізім бойынша барлығы:130 бала тәрбиеленуде. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған. Барлығы жеті (ерте,кіші) топ. Бөбекжайға 1-3 жас аралығындағы балалар қабылданады. Оның :3-уі ерте жас ,1-2 жастағылар (оның 1-уі орыс ерте жас тобы, 2-уі қазақ ерте жас тобы);4-уі кіші 2-3 жастағы топтар(оның : 3-уі қазақ; 1-уі орыс кіші топ) Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Бір күндік тамақтану төлемі-700 теңге. Бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерінің ішінде аталған әлеуметтік көмек алатын оның ішінде : Әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен, көп балалы отбасының балалары да қабылданып, ӘК мәртебесімен бөбекжай қаражатынан толықтай төлемақыны төлеуден босатылып, 3 отбасынан (оның ішінде: 3 бала бір отбасынан; 2 бала бір отбасынан) ,барлығы 6 бала жеңілдікті жыл бойы иеленуде. Тәрбиеленушілер мемлекеттік,орыс тілдерінде тәрбиеленуде.Тәрбиелену-шілердің бөбекжайға тіркелуі мен шығарылуы Оқу –ағарту министрліктің базасы мен қосымша бағдарламаларға (порталь) электронды түрде уақытылы енгізіліп тұрады. Облыстық білім басқармасының «мобильді тобы» 6 сәуірде тексеріс жасады, қорытындысында қателіктер мен кемшіліктер бөбекжайда орын алмады. бөбекжайдағы бейнебақылауға да жоспарлы түрде аудандық ішкі істер басқармасынан тексеріліп актысы жазылып тұрады .

5. Оқу –әдістемелік жұмыс.

2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу–білім беру процесін ұйымдастыру ҚР оқу –ағарту министрлігінің әдістемелік нұсқау хатына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2016 ж. 12 тамыз №499) қыркүйек айының перспективалық жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2022 ж 14 қазан №422) қазан айынан бастап,оқу жылының мамыр айына дейінгі құрылған перспективалық жоспарына;Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына, сонымен қатар 2021 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне де сүйене отырып жүзеге асырылуда.

2025-2026 оқу жылындағы жылдық жоспардағы алға қойған мақсат, міндеттері төмендегідей.

Мақсаты: Балабақша аумағын көгалдандыру арқылы балалардың табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдыларын қалыптастырып, табиғатты қорғау, сақтау және оған қамқорлық жасау туралы түсінік беру арқылы экологиялық таза орта құру.

Міндеттері:

- Экологиялық ойындар, тәжірибелер, бақылаулар ұйымдастыру;
- бөбекжай-бақшада гүлзарлар, көкөніс бақшасы, құстарға арналған ұялар жасау;
- балаларға өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы білім беру;
- қайта өңдеу мен қалдықтарды сұрыптау туралы түсінік қалыптастыру;
- ата-аналар мен тәрбиешілерді экологиялық тәрбиелеу процесіне тарту.

Осы жылдық жоспардағы мақсат, міндеттердің барлығы да орындалды.

Оқыту мен тәрбиелеу процесінде директор, әдіскер мен психолог, медбике, дәмбикелер тараптарынан өз жұмыс жоспарларына сай тақырыптық,жедел,салыстырмалы,шұғыл,ағымдағы т.б. бақылаулар өткізіліп, кемшіліктер мен ұсыныстар айтылып, дер кезінде түзету жұмыстары жүзеге асырылады, анықтамалары жазылады.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығынан 2026 жылдың маусым айында аудандық «Шығармашылық орталық» жетекшісі , тәрбиеші Кусмагамбетова У.Р. «Білім мен тәрбие - ойынмен бірге»атты әдістемелік құралын дайындап шығарды . Сонымен бірге Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының жанынан шығатын «Ұстаз еңбегі» журналына іс-тәжірибесімен бөлісу мақсатында 3 педагог өз мақалаларын жариялап, сертификат пен Алғыс хат иеленді. «Педагогикалық шолу» журналы; «Ақтөбе ұстазы» газетіне; Республикалық көлемдегі «Республика ұстаздары» газетіне де жыл бойы мақалаларды жариялады.

Бөбекжайда жылына бес рет жоспарлы түрде педагогикалық кеңес отырысы өткізіліп, оған қоса әдістемелік кеңес, шығармашылық топтың; сонымен бірге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»; педагогикалық әдеп кеңесінің, кеңес беру пунктінің, қамқоршылық кеңесінің жұмысы, мемлекеттік қызмет көрсету, өндірістік; жалпы, топтық ата-аналар жиналыстарының жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп хаттамалары толтырылады. «Мемлекеттік қызмет көрсету» бойынша баланы бөбекжайға қабылдау, тіркеу, бөбекжайдан шығару қызмет порталдары бойынша электронды түрде қызмет көрсетіледі. Осыған қоса МҚК бойынша 2025 жылдың қараша айында Осы оқу жылында жаңадан қызметке орналасқан 1 жас маман, тәрбиеші Тұрараова Альбина Арманқызы қараша айында қызметке келді, сонымен бірге жоғарғы және арнаулы оқу орындарынан «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» мамандығы бойынша білім алып жатқан студент жастар іс-тәжірибеден өтуге жолдамамен келуі себепті оларға тәжірибелі тәлімгер тәрбиешілер бекітіліп, әдіскер, психолог тарапынан да әдістемелік көмек көрсетіліп отырады. Жас тәрбиешіге жоспарлар құру, циклограмма жазу, ата-аналармен жұмыс жасау; ертеңгіліктермен ойын-сауықтар сценарийлерін құрастыру, педагогикалық әдеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша да кеңестер беріліп, жұмыстар жүргізілді. Жас маманға тәлімгер-тәрбиеші бекітіліп, жас маманға көмек беру мақсатында жұмыс жоспары құрылып, сол жоспарға сәйкес жұмыстар жасалынып, оқу-тәрбие жұмыстарындағы әдістемелік, педагогикалық-психологиялық қолдаулар көрсетіледі. Бөбекжайымызда 2026 жылдың 20 ақпанында, облыстық оқу әдістемеліктің нұсқауымен облыс көлемінде «Жасыл балабақша» жоба негізінде «Жасыл орта-жарқын болашақ: Ерте жастан табиғатты сүйуге тәрбиелеу» тақырыбындағы семинар-практикум ұйымдастырылып өткізілді. Семинар-практикумда бөбекжай тәрбиешілері мен психолог «Жасыл балабақша» пилоттық жобасы аясында атқарылып жатқан өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Осы тақырыптағы аудандық семинар –практикум сәуір айында да өткізілді. Облыстық білім басқармасының «Мобильді тобы» 6 сәуірде бөбекжайдың оқу-тәрбие, қауіпсіздік, тамақтану, материалдық базасының жабдықталуына тексеріс жүргізді, қорытындысында қателіктер мен кемшіліктер бөбекжайда орын алмады.

6. Оқу-материалдық активтер

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігі және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, бөбекжай-бақшаның материалдық-техникалық қоры жаңа заманауи талаптарға сай.

Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай ескеріліп, жабдықталған, дамытушы орталарға бөлінген, жаңа дизайнмен безендірілген. Бөбекжайдың азық-түлік сақтайтын қоймасы мен асханасы мұздатқыштарымен, технологиялық құрал-жабдықтармен, жиһаздармен жабдықталған. Сонымен қоса, осы жылдың маусым айында төсек-орын жапқыштары мен керуеттер, үстелдер мен отырғыштар, сүлгі орамалдар, терезе перделері түгелдей жаңаланып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Балалардың көңіл-күйінің қалыпты жағдайда болуына арналған психолог бұрышы бар. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетін сапалы жүргізуге музыка залы толығымен жабдықталған. Дене шынықтыру бөлмесі мен музыка залы бірге болғандықтан, музыка залының бір бұрышында спорт құрал-жабдықтары мен велосипедтер орналастырылған. Баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді. Барлық алаңдарда көлеңке түсіретін бастырма, ойын жабдықтары және құммен ойнайтын орындар орналастырылған. Сонымен қатар бөбекжай ауласы көгалдандырылған, яғни гүлдер мен гүлзарлар, ағаштар отырғызылған. Биылғы көктем айында «Жасыл балабақша» жобасына сай бау-бақша егіліп, гүлдер отырғызылып, күтіп бапталуда.

Ас бөлмелері арнайы технологиялық құралдармен жабдықталған. Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді. Арнайы жеке ет, көкөніс, тағам саласына қарай тоңазытқыштар, қамыр, бакалея бөлімдері арнаулы белгімен белгіленген. Тағам дайындайтын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы электронды таразы бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп, одан ары қарай қоймаға өтеді. Шкафтар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі бар. Азық-түлік әкелетін кәсіпкерлермен келісім шарт жасалынған. Күніне балалар 3 рет тамақтанады. Екінші тамаққа дәрумендер қосылады. Бракеражды комиссия құрылып, асхана, азық-түлік қоймасын тексеруден өткізеді, инста пракшасымен сайтқа уақытылы жариялануда.

Кір жуатын бөлмеде 2 автомат машинасы, 2 жартылай автоматты машинасы орналасқан, Асхана (ас дайындайтын электр пештері, 1 тоңазытқыш, қажетті жиһаз бен ыдыс-аяқтары бар), ас қоймасы (2 тоңазытқыш пен 1 мұздатқыш тағамдар қоятын сөрелері) бар. Кір жуатын бөлмеде сөрелер орналасқан, сонымен бірге соңғы үлгідегі кір жуғыш автомат және жартылай автоматты машиналар, үтіктері бар. Музыка залы спорт залымен бірге. Дене шынықтыру алаңы секіруге, жүгіруге, еңбектеуге және тепе-теңдік сақтауға арналған жаңа құралдармен жабдықталып, толықтырылды.

Мамандар бөлмесімен қоса, 7 топ бөлмесі мен ұйықтайтын бөлмелер бар. Тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне сай жиһаздар жабдықталған, сонымен қатар қажетті құрал-жабдықтармен, ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Ғимаратта бейне бақылау орнатылған. Интернет Wi-fi желісі, музыка залында іс-шараларды өткізуге электронды тақта; интерактивті панель бар. 2025 жылдың қорытындысы бойынша аудандық білім бөлімінен бөбекжайымызға «ИНТЕРАКТИВТІ ПАНЕЛЬ» тақтасына сертификатқа ие болып, панель тақтаны сәуір айында қабылдап алдық. Спорт залы мен музыка залы бір бөлмеде орналасқан. Барлығы 7 топтың екеуінде дара жатын бөлмесі жоқ. Оның бесеуінде жатын бөлмесі бөлек, екеуінде ойын бөлмесінің ішінде ұйықтайтын ағаш керуеттер, екеуінде де 3 қатар ысырылмалы керуеттер орналасқан.

7. Ақпараттық ресурстар мен кітапханалық қор

Ақпараттық мәдениет – бұл, ең бастысы адамның интеллектуалды белсенділігі болғандықтан, жаңа ақпаратқа үнемі қажеттілік, оны өңдеу және өз

бетінше түрлі мақсатта қолдану талап етіледі. Бөбекжайда 3 компьютер, оның 3 интернет желісіне қосылған, 1 интербелсенді тақта, 1 теледидар, 1 түрлі түсті принтер, 2 принтер, 1 пианино, 1 музыкалық орталық, бейне таспалар, интерактивті панель бар. Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтармен және көрнекі құралдармен жабдықталған. Педагогтарды керекті әдістемелік құралдармен, нұсқаулармен, әдебиетпен және мерзімді баспалармен толық қамтамасыз етіп отырады. Мақалалардың журналдарда басылуы, бөбекжай педагогтары жұмысы, тәжірибесі ұжымдық қызметтің ашықтығының бір көрінісі.

Бөбекжайдың электрондық почта (gulnar.zhakupova@bk.ru), shughy-lasadik@yandex.kz интернет желісінде өз сайты (shugyla-khobda.edu.kz) және инстаграмм парақшасы ([shugyla 248](https://www.instagram.com/shugyla248)) бар. Бөбекжайдағы барлық жыл бойындағы атқарылған жұмыстар инстаграмм парақшасына үнемі жүктеліп, бөбекжай сайтына орналастырылып отырылды.

Бөбекжай ерте, кіші жасқа арналған әдістемелік кітаптармен, анықтама-лық баспасөз басылымдарымен, иллюстрациялық материалдармен, балалардың жасына сай көркем әдебиетімен қамтамасыз етілген. Дегенменде заттық-дамытушылық ортаны жабдықтау міндеті басты міндеттердің бірі болып қала береді. Бөбекжай топтарындағы заттық-дамытушылық орта жеткілікті дамытушылық ойындармен, көптеген дидактикалық материалдармен және үлестірме материалдармен жабдықталған. Сюжеттік-рөлдік ойындарды өткізуге арналған ойын бұрыштары жасалды, әр топта балалардың өзіндік іс-әрекеті үшін бейнелеу іс-әрекеті, театрландырылған іс-шаралар, музыкалық және дене шынықтыру бұрыштары бар. Мұның бәрі педагогикалық міндеттерді сәтті шешуге мүмкіндік береді және балалардың физикалық, эстетикалық және экологиялық тәрбиесіне барлық жағдай жасайды.

«Алаяқтықтан сақтан!» атты ата-аналармен, бөбекжай ұжымы арасында жадынамалар таратылып, слайдттар мен бейнероликтер көрсетіліп, сонымен бірге бөбекжайдың инста парақшасында ай сайын орналастырылып, сонымен бірге ата-аналарға арналған топтар чаттарында да жадынамалар мен кеңестер беріліп, олармен жүргізілген жұмыстардың фотолары да жарияланды. Сонымен қоса ҚР Оқу-ағарту министрлігінің (2024ж. 12 ақпан) Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықпен ата-аналар мен бөбекжай педагогтары таныстырылып қағаз, электронды түрінде жадынамалар берілді.

8. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Тәрбиелеу-білім беру процесінде: мектеп жасына дейінгі балаларды (1-3 жас аралығындағы) тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалды, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік орта, оның ішінде арнайы орта құрылды, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын

қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолданылды. Оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ете отырып балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулуда, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру мақсатында, баланың физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін алғашқы мүмкіндіктері берілді. Балаларға адами тәрбие беретін, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін «Адал азамат» біртұтас бағдарламасына, сонымен бірге «Аталар, Әжелер, Әкелер мен Аналар мектебі» жоспар құрылып, бекітіліп, жоспарға сай ай сайынғы жұмыстар жүргізіліп, интернет желідегі «кэшбек, инстаграмм» парақшаларына жүктеліп, сілтемелері бөбекжай сайтына орналастырылды.

«Адал азамат» біртұтас бағдарламасын іске асыру шеңберінде күнделікті тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындарды өткізу; «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, әзірлеу; «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру мақсатында, сонымен қатар ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарды дәріптеуге негізделген адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, бекітіліп топтар арасында Отбасы күніне орай «Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасы»; Республика күніне орай «Менің Отаным–Қазақстан!» іс-шаралары ұйымдастырылып өткізілді. Қауіпсіздік ережелері: «Жаяу жүргіншілер жолы», «Бағдаршам», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру; ата-аналармен: «Күз сыйы – туған елге!» көрмесі; «Республикамақтанышым!»; «Бәріміз бірге шырша ойыншықтарын жасайық!»; «Шебер қол – шексіз өнер»; «Менің Қазақстаным!» тақырыптарында ата-аналар арасындағы сурет көрмесі; «Әкелер мектебі» жұмысынан «Шебер қол – шексіз өнер» қолөнер бұйымдарының көрмесі; «Әкеммен ағаш отырғыздым» бейнеролик сайыстары; «Аталар мектебі»: «Қыста құстарды тамақтандырайық» жемсауыт жасау акциясы ұйымдастырылып өткізілді; «Құстарға ұя сыйлаймыз!» жеті топтан жүлдегерлер анықталып, жүлделі орындар белгіленіп марапаттарға ие болды. «Әжелер мектебі»: «Әжем айтқан ертегілер» сайысы; «Менің Әжеммен өткізген бір күнім» бейнеролик сайысы өткізіліп, сонымен бірге бөбекжайда патриоттық тәрбиеге де ерекше көңіл бөлінеді. «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»; «Жаксы жаманды салыстыру»,

